

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ ӨШПЕС МҰРА ДІНШІЛ АҚЫН – ШӘДІ ЖӘҢГІРОВ

Сагиндикова Захра Сайдулла қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 1 - курс студенті
Ғылыми жетекшісі: **Жандос Абдазимович Байзақов**

АННОТАЦИЯ

Күні бүгінге дейін әдебиет тарихынан өзінің нақты бағасын, орнын ала алмай келе жатқан тұлғалар көп. Олар кезінде кітаби ақындар, діншіл ақындар деген желеумен әдебиет тарихынан, ел тарихынан ұмыт қалдырды. Солардың бірі Шәді Жәңгірұлының өмірбаяны, қысқа ғана ғұмыры барысында басыннан өткізген шытырман шырғалаңы. Сондай – ақ ақынның заты өлседе, аты өлмегендігі жайында көптеген қызықты мәліметтер ұсынылады.

Кілтті сөздер: кітаби ақындар, тұлға, діншіл ақындар, желеу, ұмыт қалдырды, ғұмыры, шытырман, шырғалаңы.

LIFE AND CREATION OF SHADY ZHANGIROV

ABSTRACT

To this day, there are many individuals who have not been able to get their exact assessment and place in the history of literature. In their time, under the guise of literary poets and religious poets, they forgot about the history of literature and the history of the country. One of them is the biography of Shedi Zhangirov, the adventure he experienced during his short life. Also, a lot of interesting information about the fact that the poet died, but his name did not die.

Key words: literary poets, personality, religious poets, jeleu, forgotten, life, adventure, shirgalany.

КІРІСПЕ

Шәді Жәңгірұлы шығыстың озық үлгілі әдебиетінің нәзирагөйлік дәстүрін берік ұстанған, қазақ поэзиясындағы белгілі тақырыптармен сюжеттерді жырлаған тұлғалардың бірі. Діни дастандарды жырлаушы Шәді Жәңгіров, асыл мұралардың жариялауына үлкен үлес қосқан ақын. Шәді Жәңгіров жастайынан Ислам құндылықтарымен жақыннан танысып, діни қағидаларды жақсы меңгерді. Шәді Жәңгіров Исламды адамгершілік пен имандылық, ар, жан тазалығы деп ұққан ол адамгершілік, гуманистік, имандылық ой қорытуларын діни ұғымдармен жанастыра отырып беруге тырысты. Мұсылман дінін дәріптейтін дастандар жазды, мінәжат, мадақ діни жанрларды өз шығармаларының негізгі арқауына айналдырды. Шәді Жәңгіров жасы ұлғайып, пайғамбар жасына жеткен соң, өз ортасының үлкенге өнеге, кішіге ақыл айтар қариясы болған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Діни ағартушы Шәді Жәңгіров 1855 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданында қарапайым отбасында дүниеге келген. Шәдінің әкесі Жәңгір атақты Абылай ханның шөбересі, Кенесары ханның жорықтарына қатысқан. 1847 жылы Хан Кене дүниеден өткен соң, оның кіші әйелі Мәуті ханымды әмеңгерлік жолмен Жәңгір алған. Осы Мәуті ханымнан болашақ шайыр Шәді туылады. Ол он жасына жеткен соң, ауыл молдасынан діни сауат ашады. Имандылық жолына түскен Шәді Жәңгіров әуелі Шаян мешітінде оқып, кейін Шымкенттегі Абдолла Шәріп деген ғұламадан дәріс алады. Ақын араб, парсы тілдерін толық меңгеріп, шығыс мұсылман шайырларының шығармаларымен танысады. Ғылым деген түпсіз терең теңіздің тамшысын ішкен ақын ілімін одан әрі жетілдіру мақсатымен Бұқарадағы "Мир - араб" медресесінде оқиды. Ақын онда Ислам құндылықтарымен жақыннан танысып, шығармаларына арқау болатын діни қағидаларды жақсы меңгереді. Шәді Жәңгіров шығармалар көп жазған ақын. Оның жазған шығармаларының басым бөлігі өзінің көзі тірісінде Ташкент, Орынбор, Қазан қалаларында басылып шығарылған. Ақынның баспа

көрген бір қатар кітаптарымен әлі жарыққа шықпаған шығармалары Қазақстан Республикасы академиясының орталық ғылыми кітапханасы мен Мұқтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталып тұр. Онда қолжазбалардың бірінде Шәді Жәңгірұлының баспадан шыққан кітаптары мен баспаға берілген қолжазбаларының тізімі берілген. Баспадан шыққан еңбектерінің қатарына "Назым Сияр Шәриф", "Назым Чаһар деруіш", "Шайхы Барсиса", "Беташар", "Қамарзаман", "Атымтай" тәрізді он үш кітаптың аты көрсетілсе, "Хазірет Ескендір", "Тарихи Абылайхан", "Ибраһим Халилулли", "Мұса перғауын хикаясы", "Әһуал қиямет" тәрізді тоғыз шығарманың баспаға берілгені айтылған. Шәді Жәңгірұлының дүниесін зерттеген Немат Келімбетов: Оның жүз мың жолдай өлең - жыр жазып, соның жетпіс бес мыңдай жолының ақынның көзі тірісінде түрлі қалаларда басылып шықты - дейді. Немат Келімбетов ақынның бапа көрген еңбектері жайында " Шәді Жәңгіров үлкенді - кішілі он сегіз дастан, поэма, қисса, хикаят, бір сыпыра өлең - жырлар жазып, бастырған" - деген дәйекті келтірген. Кітаби ақындардың ішінде шығыс сюжеттерін қуалап қана қоймай, орыс халқының тарихын терең байлықтарын зерттеген Шәді Жәңгіров. Шәді Бұқарада болған кезінде Шығыс үлгілі әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын көп құмартып оқыған. Ол араб, парсы, шығатай тілдерінде жазылған әдеби шығармаларымен еркін танысып, солардан көп үлгі - өнеге алған. Шәді Жәңгірұлы өлеңдер қағаз бетінде көп сақталмаған, оның өлеңдеріне қарағанда дастандары біраз сақталған. Шәді Жәңгірұлы өзінің өлеңінде қазақ пен қырғыздың мешіт салуға салғырттығын айтып сынайды. Ресейдің жиырма бес миллиондай мұсылманы бір мешіт бітіре алмаса, бізей Алланың пенделері үшін өлім дейді. Құдай жолына жұмсалған қайырлы істер ешқашан да өлмейтінін, қайта оның сауабын Алла беретінін айтып Құранның "Бақара", "Әнбая", "Нәміл", "Қасас", "Мәйда" тәрізді бірнеше сүрелерін сілтеме жасайды. Шәді Жәңгірұлына Молла деген айып тағылып құғынға ұшраған, ол 1933 жылы 12 қыркүйекте Өзбекстанның Сырдария

облысының Қаратөбе елдімекенінде қайтыс болады. Шәді Жәңгіров 30 - ға жуық дастан және көптеген өлеңдер жазған. Қазірше 18 жастаны табылған.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Сөз өнері мен қолөнер зергерлігін қатар алып жүріп даңқы шыққан ақын. Көзінің тірісінде жетпіс бес табақтай еңбегі баспа жүзін көрген қалам иесі. Шығармашылығымен әрқашанда ерекшеленген Шәді ақынның орны әрқашанда мәңгілік болмақ. Ақынның білімі мен діндарлығынан хабары бар ақсақалдар оған әр түрлі сұрақтар жазып, дер кезінде оның салиқалы жауабын алып отырған. Яғни Шәді ақын өз заманының дарынды да, сауатты тұлғаларының бірі болған. Қазақ халықна өшпез із қалдырған ақындардың бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. "XX ғасырдың басндағы қазақ әдебиеті тарихы" Орал 2016 жыл
2. Е. Ысмайлов "XX ғасырдың қазақ әдебиеті Алматы" 1941 жыл